

## **Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша педагогтарды даярлау  
(6D010900 / 8D01501 – Математика, 6D011000 / 8D01504 – Физика)  
бағыттары бойынша Диссертациялық кеңесі

### **1. Өткізілетін саны туралы мәліметтер.**

Диссертациялық кеңесте 2023 жылы 4 отырыс өткізілді (02.01.2023ж. - 30.12.2023ж.).

### **2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).**

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### **3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.**

1) Калыбекова Жанар Абдыхалиевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2) Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

3) Абдраимов Рахымжан Турисбекович, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

4) Ардабаева Алмагуль Кайрбаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

### **4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

#### **Калыбекова Жанар Абдыхалиевнаның диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы – Техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне математиканы кәсіби бағытталған оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.*

*Мамандық: 8D01501 – Математика.*

*Ғылыми кеңесшілері – ҚР ҰҒА академигі, п.ғ.д., профессор Әбілқасымова А.Е.; ф.-м.ғ.д., профессор Смирнов В.А.*

*Қорғау 2023 жылдың 30 мамырында өтті.*

*Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:*

– техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіптік қызметке дайындық жағдайы зерттелді;

– әртүрлі техникалық мамандықтардың математикадан оқу бағдарламаларының мазмұнына талдау жасалды;

– техникалық жоғары оқу орындарында болашақ мамандығына сай

математиканы кәсіби бағытта оқыту мәселесіне талдау жасалды;

– техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне математиканы оқытудың құрылымы мен мазмұны айқындалды;

– студент-болашақ инженерлер үшін математиканы кәсіби-бағдарлы оқытуды ұйымдастыру әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі эксперименттік жұмыс барысында тексерілді.

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Ж.А.Калыбекованың диссертациялық жұмысының тақырыбы мен зерттеудің басты идеясы қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы; «Білімді ұлт» сапалы білім» ұлттық жобасы; Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – еліміздің өркендеуінің берік іргетасы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

3) *диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Математика курсының мазмұны келесі мамандықтардың студенттерінің болашақ кәсіби қызметіне қажетті негізгі және пәндік құзыреттері меңгеруге бағытталған:

- 6B07311 - Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың сәулеті;
- 6B07312 - Қала құрылысы;
- 6B07321 - Ғимараттар мен құрылыстарды есептеу және жобалау;
- 6B07322 - Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс технологиясы;
- 6B07323 - Металл конструкцияларын жобалау және монтаждау;
- 6B07324 - Құрылыстағы экономика және менеджмент;
- 6B07352 - Сумен жабдықтау және канализация;
- 6B07351 - Жылумен және газбен жабдықтау және желдету;
- 6B07361-Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру;
- 6B07371 - Геодезия және картография;
- 6B07501 – Кадастр;
- 6B07211-Ағаш өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар технологиясы (қолданылуы бойынша).

Техникалық жоғары оқу орындарында студент-болашақ инженерлер үшін математиканы кәсіби-бағдарлы оқытуды ұйымдастыру әдістемесі әзірленді. «Математика-1» және «Математика-2» пәндерінің мазмұны техникалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытуды қамтамасыз

етуге және болашақ инженерлердің кәсіби қызметіне қажетті пәннің қолданбалы бағытын жүзеге асыруға бағытталған. Студенттерге Geogebra программасын пайдаланып өзіндік жұмысты (СӨЖ) орындауға арналған зертханалық практикум жасалды. Техникалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытуға арналған әдістемелік ұсыныстар мен компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету ұсынылды.

**Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы – Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері»*

*Мамандық: 6D011000 – Физика.*

*Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.к., доцент Сыдыкова Ж.К.; п.ғ.д., профессор Бабаев Д.Б.*

*Қорғау 2023 жылдың 30 мамырында өтті.*

*Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:*

– «6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасындағы «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұны, оның физикамен және жеке білім беру траекториясындағы базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланысы айқындалды;

– «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдері көрсетілді;

– болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі жасалды және оның тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексерілді.

*2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Ш.Е.Жусипбекованың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын; Қазақстан Республикасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, медициналық жоғары оқу орындарының «6B07201 - Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім бағдарламасын; электротехника және электроника негіздері пәні бойынша медицина жоғары оқу орындарына арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтар және жоғары білім беру саласының нормативтік - құқықтық құжаттарын жүзеге асырумен байланысты және білім беру ісіндегі субъективті идеяларды іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер медициналық жоғары оқу орындарында болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарын даярлаудың тұрақты дамуына септігін тигізетін

бағдар ретінде қарастырылады.

3) *диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарын даярлауға бағытталған «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі жасалды, оқу материалдары бойынша бейне дәрістер түсіріліп, практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдері көрсетілді. Олар С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ YouTube каналына жүктелді; пән бойынша «Электротехника және электроника негіздері. Электронды оқу құралы. - С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті. Алматы, 2021» электронды оқулық, «Электротехника және электроника негіздері: Фармация мектебі студенттеріне арналған. Оқу құралы. – Алматы, 2022. – 264б.» оқу құралы шығырылып, оқу процесіне енгізілді.

**Абдраимов Рахымжан Турисбековичтің диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы – Жоғары сынып оқушыларына физика курсына қатысты электр және магнетизмді бейінді оқытудың әдістемесі.*

*Мамандық: 6D011000 – Физика.*

*Ғылыми кеңесшілері – ф.-м.ғ.д., доцент Тұрмамбеков Т.А.; PhD докторы Уалиханова Б.С.; ф.-м.ғ.д., профессор Винтайкин Б.Е.*

*Қорғау 2023 жылдың 06 қазанында өтті.*

*Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:*

- жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді оқытудың мазмұны, оның маңыздылығы мен жүзеге асырылу бағыттарының ерекшеліктері айқындалды;

- жоғары сыныптарда физика курсына оқытудың мазмұндық ерекшеліктері, білім мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру әдістері мен формаларын анықтайтын дидактикалық және әдістемелік принциптері, пәнішілік және жоғары білім беру мазмұнымен сабақтастығы және физиканы бейінді оқытуды дамытудың құрылымдық-мазмұндық-процестік жүйесі айқындалды;

- жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сынып оқушыларына физика курсына қатысты «Электр және магнетизм» бөлімін оқыту және «Қолданбалы электродинамика» элективті курсына ұйымдастыру әдістемесі жасалды және оның тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексерілді.

*2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Р.Т.Абдраимовтың диссертациялық жұмысының тақырыбы қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы»

Заңы; Қазақстан Республикасының білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; елімізде бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы және басқа да мемлекеттік құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

*3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сынып оқушыларына физика курсындағы «Электр және магнетизм» бөлімін оқытудың әдістемесі, белсенді оқыту әдістері, формалары мен құралдары (шағын дәрістер, физикалық есептерді шығару, эксперименттік тапсырмалар (зертханалық және тәжірибелік жұмыстар) әзірленіп, цифрлық технологияны қолдану мүмкіндіктері көрсетілді, «Қолданбалы электродинамика» элективті курсы ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді, жаратылыстану-математикалық бағытындағы бейінді сыныптарына арналған «Қолданбалы электродинамика» элективті курсының оқу құралы (Шымкент: ОҚМПУ, 2022. -120 б.) әзірленіп, оқу процесіне енгізілді. Зерттеу нәтижелерін орта мектепте физиканы бейінді оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіруде қолдана алады.

**Ардабаева Алмагуль Қайрбаевнаның диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы* – Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орта мектепте геометрия курсының оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.

*Мамандық:* 6D010900 – Математика.

*Ғылыми кеңесшілері* – ҚР ҰҒА академигі, п.ғ.д., профессор Әбілқасымова А.Е.; п.ғ.к., доцент Тұяқов Е.А.; ф.-м.ғ.д., профессор Смирнов В.А.

*Қорғау 2023 жылдың 14 желтоқсанында өтті.*

*Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:*

- жалпы білім беретін мектептерде геометриялық білім берудің алатын орны мен маңыздылығы, тарихи қалыптасу кезеңдері, құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері айқындалды;

- мектептің жаңартылған білім мазмұнына сай негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде геометрияны оқытудың сабақтастығы мен пәнаралық байланысы айқындалды;

- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша геометрияны оқыту әдістері, оқу процесін ұйымдастыру тәсілдері, компьютерлік программаларды қолдану мүмкіндіктері көрсетілді, оқушыларға геометриялық есептерді әртүрлі әдістермен шығаруды үйрету әдістемесі жасалды.

*2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі*

*жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

А.К.Ардабаеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы мен зерттеудің басты идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; елімізде бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің 7-9 және 10-11 сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары және басқа да мемлекеттік құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

*3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша орта мектепте геометрияны оқыту әдістері жасалған, геометрияны оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формалары, оқыту құралдары анықталған, оқушыларды геометриялық есептерді әртүрлі әдістермен шығаруды үйрету әдістемесі жасалған. Геометрия сабақтарында оқу материалын түсіндіру және есептерді шығаруға үйрету процесінде компьютерлік программаларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар жасалған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған есептер жүйесі мен тапсырмалар әзірленді. Жаңартылған білім мазмұны негізінде 9-сыныпқа арналған геометрия курсы бойынша есептер жинағы оқу процесіне енгізілді. Геометрияны оқыту процесінде оқушылардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды математика мұғалімдері өздерінің іс-тәжірибелерінде тиімді пайдалана алады.

## **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге)**

Рецензенттер ретінде математика және физика, математика және физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы зерттеулерге елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттерді таңдау кезінде ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің тәуелсіздігі қағидасы сақталды.

Рецензенттердің пікірлерінде диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, ғылымға маңыздылығы, өзі жазу принципі, ішкі бірлік принципі, ғылыми жаңашылдық принципі, негізгі қорытындылардың негізділігі, қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар, дәйектілік принципі, дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі, практикалық құндылық принципі, жазу және ресімдеу сапасы берілді және сондай-ақ жұмыс бойынша ескертулер мен ұсыныстар жасалды. Жасалған ескертулер зерттеудің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне әсер етпейді. Диссертациялар бойынша теріс пікірлер болған жоқ.

**Ж.А.Калыбекованың диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Кулпешов Бейбут Шайыкович* – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті (мамандық шифры: 01.01.06).

*Чугунова Анна Александровна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (мамандық шифры: 13.00.02).

**Ш.Е.Жусипбекованың диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Нуркасымова Сауле Нуркасымовна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (мамандық шифры: 13.00.02).

*Уалиханова Баян Сапарбекқызы* – PhD докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (мамандық шифры: 6D011000 – Физика).

**Р.Т.Абдраимовтың диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Нурумжанова Куляш Алдонгаровна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті (мамандық шифры: 13.00.02, 13.00.01).

*Ерженбек Булбул* – PhD докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (мамандық шифры: 6D011000-Физика).

**А.К.Ардабаеваның диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Кагазбаева Аспет Кенесбековна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (мамандық шифры: 13.00.02).

*Туканаев Турар* – физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (мамандық шифры: 01.01.04).

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Диссертациялық кеңес отырыстарында диссертациялық кеңестердің жұмысын одан әрі жетілдіру мәселелері көтерілді. Диссертациялық кеңестердің жұмысын жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар беріледі:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіруші кафедралар, ғылыми кеңесшілер диссертациялық жұмыстардың сапасы мен деңгейіне жауапкершілігін күшейтуі керек;

- докторанттардың авторлық бірлестікте жазылған ғылыми мақалалары болған жағдайда, докторанттың оларды пайдалануына қосалқы авторлардың келісімі туралы анықтаманы ұсынуы қажет;

- диссертацияның сапалық деңгейін анықтау және кейін олардың әрқайсысы бойынша ұсыныстар беру мақсатында диссертацияны алдын ала талқылау үшін бейінді кафедрада ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастыру қажет.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

	6D010900 / 8D01501 – Математика	6D011000 / 8D01504 – Физика
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	2	2
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы



А.Е. Әбілқасымова

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Е.А. Тұяқов

30 желтоқсан 2023 жыл.